ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ "ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БӨЛІМІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Шығыс № 01-94
02 06 2025 ж.

«ЕрНурЖан Курылыс-2010» ЖШС
Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
Төле би даңғылы, 42А үй

Тараз қаласы әкімдігінің мемлекеттік сатып алу бөлімінің шағымдарын қарауға жауапты құрылымдық бөлімше (бұдан әрі-лауазымды тұлға), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 09.10.2024 ж. №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 590 - тармағына сәйкес, осы мемлекеттік сатып алуға қатысушы «ЕрНурЖан Курылыс-2010» ЖШС-нің (бұдан әрі – өтініш беруші) № 14662204-1, лот № 76206003-ОК1, 76204291-ОК1, 76205194-ОК1, 76206959-ОК1 «Көшелерді ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу» бойынша конкурсының қорытындысына мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы келіп түскен 28.05.2025 ж. № 258728 тіркелген шағымды мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қарап, келесідей хабарлайды.

Әлеуетті өнім берушілер "KATSA" ЖШС-і, «Алматы ТехПромСтрой» ЖШС-і конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасында (құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды сатып алу кезінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін біліктілік және критерийлер туралы мәліметтер) «6000л аспайтын суару жуатын машиналар Жамбыл облысында тіркелуі тиіс» материалдық ресурсын мәлімдеген. Меншік құқығын растайтын құжаттардың (19.04.2011 ж. НН сериялы №00101214 көлік құралын тіркеу куәлігі, 06.05.2021 ж. НВ сериялы №00034418 көлік құралын тіркеу куәлігі) «айрықша белгілер» бағанында көлік құралының атауы көрсетілген жазбалар жоқ екендігі анықталды.

ҚҚТК-дегі "Айрықша белгілер" бағанында қосымша ақпарат болуы мүмкін, алайда көлік құралдары мен жабдықтардың атауы, техникалық сипаттамалары туралы жазбаның болуы міндетті сипатқа ие емес, бұл жазбаның болмауы көлік құралында іс жүзінде жабдықтың жоқтығын, талап етілетін сипаттамаларға сәйкес келмейтіндігін растамайды. Сонымен қатар,

конкурстық құжаттамада ККТК-де көлік құралының немесе жабдықтың атауы болуы туралы белгі болуы керек деген талап белгіленбеген, сондықтан ресми белгі бойынша өтінімді қабылдамау заңсыз болып табылады.

«ИДЕЛЬ» ЖШС-і мәлімдеген «Салмағы кемінде 13 тонна өздігінен жүретін тегіс жол роликтері Жамбыл облысында тіркелуі тиіс» материалдық ресурстарының ("ТАРАЗСТРОЙ-2004" ЖШС-нен жалданған XCMG XS183J маркалы жол катогы) біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактілері анықталған жоқ. Шағымның бұл бөлігіндегі дәлелдері қанағаттандырылуға жатпайды, себебі конкурстық комиссияның шешімі растаушы құжаттарсыз шағым берушінің пайымдары мен субъективті пікіріне, интернет-ресуртың ашық дереккөздеріне негізделе алмайды. Әлеуетті өні берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі өзінің сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарда, сол сияқты мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған ақпараттың негізінде ғана орнатылылуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, "ЕрНурЖан Курылыс-2010" ЖШС-нің шағымы қанағаттандырудан бас тартуға жатады.

Осы шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының (әрі қарай - Заң) 25-бабының 3-тармағына сәйкес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) сотқа шағымдануға құқығыңыз бар.

Бұл ретте, Заңның 25-бабының 6-тармағына сәйкес дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

Бөлім басшысы **Г. Мульдеков**

Орын.: А. Курманалиева
Тел.: 45 00 40